

Смагулова Меруерт Серікбайқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші:
Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы,
ф.ғ.к. профессор

КЕЙІПКЕР АТТАРЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ-СИНТАКСИСТІК ЖАСАЛЫМ

Мақалада Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген профессор Томанов, тілдің құрылымдық тарихын зерттеп көрсеткен.

Тірек сөздер: грамматика, морфология, ономастика, модель, экстралингвистика, лексика-семантикалық, компонент.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген профессор Томанов, тілдің құрылымдық тарихын зерттеп білуде дәйек болатын бір сала – ономастика екенін тап басып таниды. “Ономастикалық материал тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық даму жолдарының бірлікте болатынын дәлелдейді. Ономастикалық атаулар көбіне тілдің қалыптасқан сөз өзгеру жүйесінің аумағына сыймайды. Олар тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған болып келеді немесе ұмытылып кеткен мағынаны өз бойында сақтауы мүмкін” [1, 13] деген пайымды пікір айтқан.

Жалқы есімдерді морфологиялық құрылымына қарай топтастырудың дәстүрлі бірнеше жолдары бар. Орыс ғалымдары Жалқы есімдерді құрылымына қарай түрліше жіктейді: Н.В.Подольская бірнегізді атаулар, екінегізді атаулар, туынды, А.В.Суперанская зат есімді атаулар, сын есімді атаулар, О.А.Сұлтаньяев есімдерден жасалған атаулар, етістіктен жасалған атаулар, Т.Жанұзақов негізгі, туынды, екі компонентті, көп компонентті, Т.В.Линко жай және күрделі деп бөлген. Бұлайша Жалқы есімдердің құрамындағы түбір сөзді, компоненттерді топтастыру, құрылымдық типін, синтаксистік қатынасты және сөз таптарына қаншалықты қатыстылығын анықтауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың Жалқы есімдерді топтастыру принциптері бірдей емес, демек, әр тілдің сөзжасам құрылымы мен жасалу жолдарының да түрліше дамитындығының дәлелі. Онимдік бірліктерді құрылымдық тұрғыдан (түбір мен аффикстер) дәл талдау жасау керек. Сонымен біздің СЮП-ді талдауымыз мынаны көрсетті: бір түбірден тараған, сөзжасам тәсілдерінен лексикалық-семантикалық (ешбір қосымшасыз), синтетикалық тәсіл (жұрнақ арқылы), аналитикалық тәсіл (сөздің бірігуі, қосарлануы) арқылы жасалуын анықтадық.

Бір буынды түбірден тараған кейіпкер аттары

Тілдің негізгі құрылымын анықтауда бір буынды түбірлердің арқау екендігі дау тудырмаса керек. Академик Ә.Қайдар «үкілі кітабында» түбірге “Тюркская корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, присходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога. Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слово - динамики” [2, 24] деп анықтама береді.

Тіліміздегі негізгі сөздік қордағы сөздердің басым көпшілігінің ерекшелігі олардың бір буынды түбірден жаңа сөз тобын жасауға икемділігі. Мысалы су, күл, май, жал, жыл, ми, қи, мыр, мық, ит деген сөздерден жаңа кейіпкер аттары жасалған. Түбір сөздің

сөзжасам жүйесінде өзіндік қызметі бар, жаңа лексикалық мағына тудыруға арқау болады. Сөзжасамдық тізбектің түп негізі көп мағыналы болып келуі де тілде бар құбылыс. Түп негіз арқылы жасалған Кейіпкер аттары:

Ақ → Ақылкөп, Ағылған, Ақиған, Ақмағанбет,

Дыр → Дырду, Дырдай, Дырдыр, Дырылдақ, Дыраубас,

Жал → Жалтай, Жалпақ, Жалықбасов, Жалпанбай, Жалбыр, Жалтаңбай, Жалпақбас, Жалпылдақ, Жалбыршаш, Жалтақбай, Жалақор, Жалғызгүл, Жалқаужан, Жалтырбасов, Жалаңтөс, Жалтарбек, Жалбағай, Жалтақов, Жылтыргүл, Жалақ, Жалман,

Жыл → Жылмай, Жыланкөз, Жылпылдақ, Жылтыр, Жылымбай, Жылпосов, Жылмағай, Жылтың, Жылмағаев, Жылысбай, Жылмақ, Жылапбергена, Жылмаңбет, Жылтырақ, Жылым, Жылпылгүл, Жылпос

Зар → Зарлық, Зарлыханова, Зарлықүл, Заршыбын,

Ит → Итқара, Итемген, Итбай, Итаяқ, Итбас, Иттұмсық, Итқарын Битбаевич, Итгүл, Итқарын, Итбай, Итаяқ, Итен, Итбай Шошқабаевич, Итбақбас, Иткөз, Итуахи, Иткүл, Итбай, Итжеккенов

Күл → Күлембай, Күлмесжан, Күлкі, Күлмес, Күлбет, Күлшетай, Күлегеш, Күлбике, Күлімкөз, Күлдір, Күлкішиев

Қи → Қикар, Қикым, Қисық, Қимас, Қиқу, Қиясбай, Қисықбай, Қиғылық, Қилау, Қию, Қикай, Қикас, Қисайған, Қисаң, Қисықбас, Қитар, Қияқ, Қипақ, Қитық, Қиғашгүл, Қиаш, Қипақ Қикымұлы, Қияс,

Ми → Мимырт, Милан, Милау, Миток, Көкми, Мисыз, Мишық, Миқылыс, Митық, Митау, Мисызов,

Май → Майбике, Майлыбас, Маймақ, Майпыл, Маймыш, Маймөңке, Майсөк, Майшелпеков, Майбасар, Маймұрын, Майсалбек, Майлыжігіт, Майөкшенов, Майбас, Майберген, Майтөк, Майжеген, Майшық, Майлы, Күлмай, Жылмай

Мыр → Мырқы, Мырқал, Мырқымбай, Мыртық, Мырт, Мырыш, Мырзаби, Мырқос, Мыржық,

Мық → Мықыр, Мықшеге, Мықсан, Мықырыпов, Мықат, Мығым, Мықи, Мықитан, Мықтыбай

Оп → Обалай, Опақ, Опырап, Опырбаев, Опыр, Опағали,

Су → Сумұрын, Суайт, Суғынбек, Сұғанак, Судырбай, Суаяқов, Сужұқпасов, Суылдақов, Суқан, Суқылдақов, Сунақбай, Суайтбек Судырахметович, Сүгірмек, Сужұқпас, Судыр сары, Сунқибек, Сұрпақбай, Сұраубай, Сұрқия, Сұғанак, Сұрғаш,

Тыр → Тырнабай, Тырдай, Тыраш, Тырқай, Тыртықәлі, Тырылбике, Тырбақ, Тыртиған, Тырысқақов, Тырбық, Тыртақ,

Тас → Тастесер, Тасеменов, Тасқайнатар, Тастанбай, Тасжүрек, Тасмандай, Тасбауыр, Тасбасар, Тасбике, Тасырбай, Таскене, Тастандай, Тасқұлақ,

Кейіпкер аттарының жасалымындағы тілімізде қалыптасқан тоғыз сөз табының әр түрлі деңгейде жасалымын, қатысын, сандық көрсеткішін анықтадық: Зат.е + зат.е; Зат.е + сын.е; Зат.е + етістік; Сын.е + сын.е; Сын.е + зат.е; Зат + үстеу; Сан.е + сан.е; Сан.е + зат.е; Есімдік + зат.е; етістік + зат.е; есімше формалы; Үстеу сөздерден; Еліктеу сөздерден; Аббревиатураланған сөздерден; Одағайлардан; Шылау сөздер

1. а) Зат.е + зат.е: Ақыл+қалта, Әтір+шай, Бал+қаймақ, Бетон+бет, Дәу+пері, Есек+тас, Жорға+гүл, Метал+тіс, Күл+бет, Қыз+бала, Қыл+мойын, Сері+жігіт, Су+мұрын, Тас+маңай, Теке+көз, Шөп+желке.

Кейбір біріккен сөздердің жігі айқын ажырап біріккендігі бірден көзге түсіп тұрады (Итаяқ, Қырықсақина)

ә) Зат.е + сын.е: Кек+ала, Күкірт+сары, Ұйқы+сары, Үкі+сары, Мес+қара, Тас+қара, Қабан+қара, Ши+қара, Шот+қара, Ми+сыз, Май+лы, т.б. Түр-түске қатысты жасалған кейіпкер аттарын танымдық тұрғыдан этнолингвистикалық зерттеуіміз толығырақ ІІІ тарауда жеке сөз етіледі.

б) Зат.е + етістік: Ат+келтір, Бас+имес, Бас+бұзар, Бой+бермес, Дым+білмес, Жамбас+сипар, Қыз+тумас, Май+басар, Май+жеген, Мөр+басар, Пұл+жеген, Тай+жұтқан, Тас+жарған, Теңге+жұтқан, Той+болсын, Ұл+емес, Ұл+табар, Ұл+шығар, Шай+құяр, Тай+шабар(ов), Мал+бағар(ов).

2. а) Сын.е + сын.е: Асау+қара, Дәу+қара, Шала+қызу, Арам+қара, Семіз+қара, Қара+ала, Шой+қара т.б.

ә) Сын.е + зат.е: Ақ+долы, Ақ+балдақ, Ақ+кемпір, Ақ+қу, Ақ+сом, Ақ+туша, Ақ+тайлақ, Ақ+көз, Алай+көз, Ақ+қисым, Ақ+жем, Ақ+табан(ов), Ақ+тайлақ, Ала+бас, Ал+бике, Арзан+гүл, Аш+гүл, Әрлі+гүл, Бейпіл+ауыз, Боз+тайлақ, Боз+інген, Дәмді+гүл, Жыртық+гүл, Көк+аяз, Көк+қасқа, Көк+ми, Көк+долы, Көк+тиын, Көк+шақа, Көк+жал, Көк+бай, Көк+байтал, Көк+аяқ, Көк+қас(ов), Күрең+көз, Қара+қатын, Қара+бұқа, Қара+кемік, Қара+шаруа, Қара+бет, Қолаң+шаш, Қоңыр+құлжа, Қызыл+тазы, Майлы+жігіт, Майлы+тон, Сапты+аяқ, Сар+шолақ, Сары+бас, Сәнді+гүл, Сойдақ+тіс, Сұр+сұлу, Титтай+күл, Шайпау+гүл, Шала+мас.

б) Зат + үстеу: Егеу+әлі, Тыртық+әлі, Өзіл+әлі.

3. а) Сан.е + сан.е: Қырық+бес, Елу+бес+бай, Отыз+бір+бай.

Сан есімнің қатысуымен жасалған аттардың ауқымын тереңірек зерттеуіміз III тарауда жеке сөз етіледі.

ә) Сан.е + зат.е: Алты+бас, Бес+бике, Бес+қара, Бестиын, Бес+балуан, Бесті+айғыр(ов), Бес+қарын, Бесті+бай, Бір+ай, Бір+жамбас, Жалғыз+гүл, Жүз+тайлақ, Қырық+қабат(ов), Қос+орай, Қос+омыртқа, Жалғыз+бике, Мыңлық, Мың+жігіт, Үш+кемпір, Төрт+қара, Дара+бай.

4. Есімдік + зат.е. Есімдіктің тілімізде атқаратын қызметі орасан болғанмен, сан жағынан айтарлықтай көп емес. Дегенмен аз да болса кездеседі.

а) сілтеу: Анаубай, Мынау мырза, Анаубек, Мынауубек, Мынауғұл, Солзада.70

ә) белгісіз мәнді: Пәленше Түгеншиев, Пәленбаев, Әлдекім, Бірденкеев, Бірдібірге Шағыстырғанова.

б) сұрау мәнді: Кімов < кім?, Қайзада < қай?

в) өздік: Өзге, Өзден, Өзгегүл, Өздебай.

г) болымсыз мәнді: Ешкім Жокқұлов, Ештеңе Ешкімбілмесов, Ештеңе Айтпайтынов, Іштеңкей Іштеңкеевич Сөйлемде болымсыз есімдіктердің қайталануы да оған экспрессивтік мән береді.

Болымсыздықтың экспрессивті - эмоциональды мағынасы лексикалық тәсілмен де жасалады. Оған сөйлемде түк, дым, дәнеңе, еш, ешбір, ешкім, ештеңе, ешқайсысы, ешқайда, ешқашан сияқты болымсыз есімдіктердің болымсыз формалы баяндауыштардың мағыналарын күшейтуін жатқызуға болады. Функциялық қызметі жағынан анау - мынау, сол есімдіктері мегзеу, әлдекім, пәленше белгісіздікті, кім, қай сұрау, ештеңе, ештеңей болымсыздық мәнге ие. Ал сөйлеу барысында аталған есімдіктер тобы белгілі бір лексикалық мағынаға ие, яғни бірнәрсені немесе біреуді бүркемелеу, жұмбақтау, ишаралау арқылы жасырын эвфемистік сипат алады.

5. Етістік – сөз таптарының ішінде ең ауқымды, кең өрісті, бай семантикалы, көп формалы тілдік құбылыс және орасан бай категория. Сондықтан біз оны тақырыпқа орай лексика -семантикалық мағынасы тұрғысынан қарастырып, кездесетін түрлерін ғана атап өтеміз[3, 13].

а) етістік + зат.е: Азына+гүл, Берді+гүл, Бөсер+бай, Жөнде+гүл, Көнген+бас, Күлмес+жан, Қаңғы+бике, Қопар+гүл, Қойқой+бек, Қысқар+бек, Құса+ғали, Қайра+ғали, Сипа+гүл, Зытты+ғали т.б.

ә) есімше формалы Кейіпкер аттары: -ған/-ген: Жұт+қан(ов), Тұрт+кен(ов), Тұр+екен+ов, Ұм+тыл+ған, Үр+ген, Көр+ген(ов), Кез+ер+ген, Мас+ыл+ған, Той+ған, т.б. Асап Күйсе+генович, Той+ған+гул Семір+геновна, Тілепал+ған, Тауып+ал+ған, Бере+сал+ған, Жайпап Жегенович, Көріп Білмегенович т.б

-ар/ер: Ал+да+р, Жет+ер, Ку+ан+ар, Қос+бас+ар, Бөс+ер, Дөң+ас+ар+ов, Тау+ас+ар+ов, Тас+бас+ар, т.б.

-с: Ес+кер+ме+с+ов, Дес+бер+ме+с, Ел+е+мес, Күл+ме+с, Той+ма+с+ов, Жалық+па+с+ов, Қи+ма+с, Қап+па+с, Тап+тыр+ма+с+ов, Өл+ме+с+ов, т.б.

б) бұйрық райлы: Зула+т, Кой+бақ, Ұрда+жық, Кел+кел, Қой+қой, Іліп+тарт, Жалтарма, Түлкі+бақ, Қой+болды, Жандай+шап, Барып+кел, Шауып+кел, Бар+бол, Жоқ+бол, Жөнде+гүл т.б.

в) етістік + сын.е: Де+гіш

6. Үстеуден туындаған Кейіпкер аттары. Үстеу - лексикалық мағыналық жағынан іс-қимылдың алуан түрлі күй-жайын білдіретін сөздер. Бұл жолмен жасалған кейіпкер аттары тым аз кездесті: Өлі+бала, Өлі+қыз, Өлі+тірі, Егеу+әлі, Екеу+әлі, Нақ+тан, ал бірді бірге Шағыстырғанова, Нағыз, Бірдібірге < бір+ді+бір+ге, түбірі - бір, қосымшалары табыс және барыс жалғауы, тура мағынасында толықтауыш болады. Енді бірді бірге шағыстырған деген сөзді алып қарасақ, объективтілік мәннен адвербиалдық мағынаға көшіп, үстеулік мәнге ие болған.

Одағайлардан жасалған кейіпкер аттары:

Одағай эмоциональды-экспрессивті реңкі күшті сөздер болғандықтан, кейіпкер атын әсірелеу, көріктендіруде түрлі сезімді дыбыстық ишаратпен білдіретін Кейіпкер аттары жасалған. Бұлар зерттеу барысында сан жағынан өте аз екенін көрсетті. Дегенмен іштей топтарға бөліп қарастырдық.

а) көңіл-күй одағайлары: Алақай (қуану), А+пыр+ай (таңырқау), Әу+пірім (қиналу), Әләуләй (әндету), А+ха+хау Одағаев (қатты қуану), Уау (ұнатпау), Әлқисса, Әлди (еркелету), Бәрекелді (мадақтау), Итуахи (таң қалу), Мейлі Бәрібір+ович (селқостық таныту), Ойбай+қызы (шошынғанда), Обал+ай (мүсіркеу), Ұят+ай (ұялу), Ай+қап (өкіну), Әу+пін, Әй+дік, Әу+шен,

ә) хайуанаттарға байланысты шақыру, жекіру, тыйым салу мәнінде Айтақ (итті қосақтау), Ауқау (сиырды шақыру), Ләпірләй (ләп-қазды шақыру), Мияужан, Піштән (піш-мысыққа жекіру), Мыршым (мырш-жекіру),

б) экспрессивті одағайлар адамға тікелей бағытталатындықтан, мағыналарында экспрессиялық мән күштірек болады. Бұған Айдабол, Ұрдажық, Бәрекелді сияқты Кейіпкер аттары мысал бола алады. Бұлар – ұлттық ерекшелікті білдіретін одағайлар.

Сатира мен юморда қолданылған одағай мәнді аттардың қайсысын алсақ та, ұлттық бояуы, реңкімен ерекшеленіп тұрады, басқа ұлттан айырмашылықты білдіретін көрсеткіш деуге болады.

Апырай ~ Япырай, Әупірім сөзінің төркінінде -пір сөзі жатыр. Одағай пір сөзіне жалғанып, түрлі нұсқада айтылып, таңғалғанда – апырай, қиналғанда – әу, пірім, өкінгенде – апырмау, япырмау сияқты қолданыстар қалыптасқан. Одағай сөздердің қатысуымен жасалған Кейіпкер аттарыдан этнолингвистикалық сипатты іздеу үшін әр кейіпкер атының шығу төркініне, түбіріне зер салуды қажет етеді.

Әдесемә < ә, десе, мә, яғни адамның ә, мә дейтін дыбыстық қатардан мағыналы бір сөзге айналған деуге негіз бар. Бұл сөздің семасында ‘ештенеден тайынбау, қарсыласып тұрып алу’ мәні жатыр.

Ахахау < ах+ахау < ах ‘таңдану, опық жеу’, ахау, өлең айтқанда дауысты көтеріп шырқау үшін айтылатын сөз. Аха+ха – күлудің бір түрі, осыдан аха+хау ‘ырду-дырду, ойын-сауық, сауық-сайран’ дейтін ұғым қалыптасқан. Осы кейіпкер атының екінші сыңары Одағаев < одағай сөзі жалпы сөйлеуде тұрпайы, анайы, өрескел дегенді білдіріп, тұтастай алғанда Ахахау Одағаев – ерсі, дөрекі, өрескел, оғаш істермен ерекшеленген кейіпкер аты.

Ойбайқызы < ойбай – қорыққанда, сасқанда үрейленгенде, шошығанда, таңырқағанда айтылатын сөз, дауыс ырғағына қарай қай мағынада айтылғаны аңғарылады. “Айқайдан ойбайым тыныш” дейтін мақал осындай ерекшеліктен туған болу керек[4, 53].

9. Шылау сөздерден жасалған Кейіпкер аттары: Шылау – өздері тіркескен сөзге әр қилы реңк жаман, мағынасын айқындап, толықтырып отыратын көмекші сөздер. Кейіпкер аттарының эмоциональды ыңғайда жұмсалыу аясының кеңдігі, көбінесе аффикстердің қызметіне байланысты. Тіліміздегі қосымшалардың ұнамсыз реңк тудырып, қомсыну, мысқылдау, кекету сияқты жағымсыз әсерді күшейтеді. Мұндай аттар сирек болса да кездеседі:

-ай – сөздің мәнін күшейтетін демеулік шылау таңдану, таңырқау мәнін үстейді. Бұл үлгіде Айқап, Обал+ай, Елім+ай кейіпкер аттары кездеседі[5, 66].

-екеш – кемсіту, қомсыну, мұқату реңктерін білдіреді: Сом+екеш, Құл+екеш.

-да – Айдабол < ай+да+бол, < ұр+да+жық < ұру, сабау, соғу, түйгіштеу, жығу, құлату, сұлату, алып ұру, жеңу дегенді білдіреді, Ұрдажық сөзі жалпыланып, 'дөрекі, дөкір, төбелесқұмар' деген ұғымда жұмсалады. Бұл жерде де шылауы ұр+жық сөздеріне үстемелеп, күшейту үшін дәнекер ретінде жалғауыш болып тұр. Айдабол атын жіктесек, айда, бол деген императив тұлғалы сөз шығады. Сөйлеуде жарайды, құп дегенді білдіреді. Бұл сөз орыс тілінде де бар, бірақ ол орыс тілінде кірме сөз ретінде қабылданады.

Айдабол, Ұрдажық, Ұятай – бұл бейнеленген кейіпкерлер – біз өмір сүріп отырған заманның “жемістері”, осылардың бәрін бір адамның бойына сиярлық етіп шебер суреттеудің негізінде образы біздің көз алдымызда тұрады.

Сатира мен юморда қолданылған одағай мәнді аттардың қайсысын алсақ та, ұлттық бояуы, реңкімен ерекшеленіп тұрады, басқа ұлттан айырмашылықты білдіретін көрсеткіш деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М., 1988. – 192 с.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 136 б.
5. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.

Әбдіхамит Әйгерім Ерболатқызы

Филология факультетінің 2-курс магистранты

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

aigerim.abdikhamit@mail.ru

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., проф. Мажитаева Шара

Т. ШАПАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыры да мол дүние. Әрбір қалам қайраткерінің, табиғи талантын, дүниетанымын, қабілетін, білім дәрежесін былай қойғанда, сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері бар. Көркем сөздің жан дүниемізге рухани нәр беріп, әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры оның эстетикалық қызметіне байланысты. Сөз қолданыстың сан алуан тәсілдері мен шынайы шеберліктің өнегесін біз, міне, осы тұста айқын көреміз. Басқаша айтқанда, әрбір жазушының әр қырынан көрінер, өзгеден дараланар өзіндік сөз өнері, топ жарған таланты сарапқа салынар кезі тілдің осы қызметіне байланысты. Кез-келген жаңа саланың ауқымы кең, қарымы құлаш болуы заңды. Көркем әдебиет тілі зерттеуге түскенімен, оның ашылмаған, не жете зерттелмеген